

3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы Дайк-Пресс. 2008. – 968 б.

С. А. Камаева

Влияние личности на изучение государственного языка

Данная статья посвящена проблеме изучения казахского языка в русской аудитории. Автор считает, что использование поэтических текстов на занятиях формирует эстетическую и коммуникативную компетенции. Обучение государственному языку требует применения инновационных технологий для эффективного его усвоения.

S.A. Kamaeva

The influence of individual to the study of the state language

The given article is written about problem of studying Kazakh language for a Russian group. The author considers reading poetical texts as the proper way to form aesthetic, communicative competences. Teaching national language needs using new innovations and techniques for the effective learning.

А. Ж. Құрманбаева,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультеті
«Қазақ филологиясы» кафедрасының магистранты

ІСҚАҒАЗДАР ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Кеңселік ісқағаздар тілінің ерекшеліктері мәселесін талдамас бұрын, ең алдымен оның тілдік тұрғыдан басты деңгейі мен жүйесін нақтылап алған жөн. Бұл ретте, аталған тілдік мәселелерге қатысты жиі қолданылатын термин – *ресми-іскерлік стиль* деп аталады. *Ресми-іскерлік стиль* деп ресми қатынастар, басқару мен құқықтық қарым-қатынастар салаларында қолданылатын сөйлеудің тілдесім ортасы, тілдің функционалды стилі аталады. Аталмыш салаға халықаралық қатынастар, заңнамалық құжаттамалар, экономика; әскери салаға қатысты құжаттар, жарнама, ресми мекемелердегі тілдесім, үкімет қызметіне қатысты құжаттар және т.б. жатқызылады.

Оның негізгі кішірігім стильдеріне мыналардың қатысы бар:

- заңнамалық (мемлекеттің басқару саласында қолданылады);
- әкімшілік-кеңселік (мекеме құжаттары мен жеке іс қағаздарының жүргізілуі);
- дипломатиялық (үкімет пен дипломаттар арасындағы қатынастардың халықаралық деңгейдегі сипаты).

Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде оған төмендегідей анықтама келтірілген: «**Ресми тіл** (лат. *officialis*) (лауазымды) – белгілі бір территорияда мемлекеттік заңдар, қаулы-қаралар мен іс-қағаздарында қолданылатын құқықтық мәртебесі бар тіл. Ресми тіл мәселесінің шешілуі барлық елдерде бірдей

емес. Көп ұлтты мемлекеттердің (Индия, Канада, Швейцария т.б.) конституцияларында қай тілге ресми тіл мәртебесі берілетіні көрсетіліп отырады. Кейбір мемлекеттерде (Азия, Африка елдерінде) жергілікті ұлттық тілмен қатар бұрынғы метрополия тілдері (ағылшын, француз, испан т.б.) ресми тіл болып қабылданған. Кейбір мемлекеттерде (Ресейде т.б.) Ресми тіл мен мемлекеттік тіл ұғымдары бірбірімен сәйкес келіп, ауысып қолданыла береді. Бірақ оларды бірдей деп қарауға болмайды. Мемлекеттік тіл – қоғамдық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік т.б. салаларда кең қолданылатын тіл. Ал ресми тіл қолданылу аясы негізінен ресми қатынастар шегінен аспайды. Қазақстан Республикасы Конституциясында қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі де – ресми қызмет атқаратын тіл болып қабылданған. 1997 ж. 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңның 5-бабында мемлекеттік ұйымдар мен өзін-өзі басқаратын жергілікті органдарда қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми қолданылатыны айтылған. Қазақстанда құжаттар қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізіледі» [1, 263-264 бб.].

Ал «ресми-іскерлік стилі» термині «функционалдық стильдер» қатарында қарастырылып, оған мынадай анықтама берілген: «**Функционалдық стильдер** – белгілі бір елеулі әлеуметтік салада адамдардың қоғамдық-

сөйлеу тәжірибесі нәтижесінде қалыптасқан әдеби тілдің түрі. Функционалдық стильдің тууы тілдің қызметімен, атап айтқанда, оның қарым-қатынас жасаудағы, бір нәрсе жайында хабарлаудағы және адамдардың санасына ықпал етудегі қызметімен және осы қызметтің үнемі кеңейіп отыруымен байланысты. Бұдан басқа Функционалдық стильдің тууына қоғамдық сана, әлеуметтік қарым-қатынас, өндірістер сияқты тілден тыс факторлар әсер ететін мемлекеттік орындарда, ресми не жеке адамдардың сөздері (автор сөзі) мен олардың тыңдаушылары арасындағы қарым-қатынас та маңызды рөл атқарады. Функционалдық стиль тіл дамуының әр дәуірінде әлеуметтік, тарихи сипаты өзгеріп отыратын категория болып табылады. Функционалдық стиль ауызша және жазба түрде дамиды, оның ерекшеліктері лексика, фразеология, сөзжасам, грамматика, фонетика салаларынан, эмоционалды-экспрессивті сөздерден көрінеді.

Осы күнгі әдеби тілдердің көпшілігінде: күнделікті-әдеби, публицистикалық, ресми-іскерлік, өндірістік-техникалық, көркем әдебиет және ғылыми функционалдық стильдер қалыптасқан. *Күнделікті-әдеби стиль* – күнделікті бейресми қарым-қатынаста кең қолданылатын және әдеби тілдің «бейтарап» түрі болып табылатын сөз қолданыс қызметін; *публицистикалық стиль* – қоғамдық, саяси өмірмен байланысты адамдардың санасына ықпал ету мақсатындағы сөз қолданыс қызметін; *ресми-іскерлік стиль* – құжаттар мен экономика, құқық, дипломатия салаларындағы, мемлекеттік орындардағы қарым-қатынас қызметін; *өндіріс-техникалық стиль* – өндіріс, техника саласындағы сөз қолданыс қызметін; *көркем әдебиет стилі* – көркем әдебиетте (проза, поэзия, драматургия) сөз қолданыс қызметін; *ғылыми стиль* – ғылым салаларында сөз қолданыс қызметін атқарады ...» [1, 390-391 бб.].

Тілдің кітаби стильдерінің ішінде ресми-іскерлік стиль басқалардан өзінің тұрақтылығы мен тар шенберлі қолданыс ерекшелігімен сипатталады. Әрине, уақыт өте мазмұн сипатына орай ол өзгерістерге ұшырап отырады, алайда оның көптеген белгілері, тарихи тұрғыдан қалыптасқан жанрлар түрлері, ерекше лексикасы мен фразеологиясы, синтаксистік құрылымдары, жалпы оның көп өзгеріске ұшырай бермейтінін айқындайды.

Кез келген әдеби тіл дамуының ішкі заңдылықтары, ең алдымен оның мынадай сала-

ларынан көрініс табады: сөздік қордың толығынан, сөзжасам, синтаксис және семантика салаларынан. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір тілдің ұлттық сипатта қалыптасуы тілдегі өзгерістермен байланысты. Бұл саладағы өзгерістер сөз мағынасының, құрылымының, қызметінің өзгеруімен сипатталады. Сөз мағынасының өзгеруі мен жаңа сөз орамдары, терминдердің пайда болу себептерін тіл мамандары екі факторға негіздеп қарастырады: біріншісі – экстралингвистикалық фактор, бұл фактор қоғамда, саяси, мәдени т.б. өзгерістерге байланысты жаңа атаулар мен сөздердің қалыптасуына әсер етеді. Екінші фактор – лингвистикалық деп аталады, яғни тілдегі бұрыннан бар сөздер мен атаулардың уақыт өте мағынасы өзгеріп басқа қызметке жұмсалуды болып табылады.

Белгілі бір ұлттың қоғамдық-саяси, мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістердің барлығы ресми тілде де көрініс табады. Тілдің даму тарихын халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырып қарау қазіргі тіл білімінің негізгі зерттеу ұстанымы болып табылады. Сол себепті біз ресми тілді қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланыста қарастырамыз. Өйткені қоғам қашан да қозғалысқа, өзгеріске, дамуға бейім тұрады. Осыған орай тіл де дамиды.

Кез келген тілдің кәсіби, ресми тілінің лексикасы, оның даму жолдары, қалыптасуы жан-жақты зерттеуді талап етеді. Өткен ғасырлардан бастап қазіргі заманға дейінгі аталмыш лексикалық топ атаулары қалыптасуының ерекшеліктерін зерттеу тіл дамуындағы сыртқы және ішкі факторларының өзара әрекеттестігінің нәтижесінде туындайтын аталым тетігінің жалпы заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Тіл білімі ғылымында қалыптасқан көзқарас бойынша қай тілдің болсын лексикасының дамуы сыртқы факторлардың әрекеттерімен бірге тілдің ішкі үрдістерімен анықталады. Бұл үрдістер тілдің дамуының екі қырын сипаттайды: бір жағынан, тұрақтылық үрдісі, екінші жағынан, экспрессивтілік үрдісі. Осы аталған үрдістер тілдік жүйенің түрлі деңгейлерінде бір-бірімен күрделі өзара әрекеттестікте болып, басқа да категориялармен өзара байланысқа түседі. Мысалы, мұндай категориялар қатарына мыналарды жатқызуға болады: дәстүр, тілдік бедел, әдеби норма, әдеби стандарт.

Ресми-іскерлік стильдің ең басты белгісі ретінде оның көптеген сөйлеу стандарттары, яғни клишелері қабылданады. Егер де басқа стильдер үшін шаблонды құрылымдар стилистикалық жетіспеушілік болып саналса, ресми-іскерлік стиль үшін олар қалыпты, қажетті құбылыс ретінде қабылданады. Іскерлік құжаттар басым көпшілігі материал берілуі мен баяндау формаларының жалпы қалыптасқан түрін айқындайды. Ал бұл өз кезегінде, оларды қолдану тәсілінің жеңіл әрі қарапайым болуын қамтамасыз етеді. Мәселен, іскерлік тәжірибесінің кейбір жағдайларында олардың тек толтырылуын қажет ететін дайын бланкілер қолданылады. Оның үстіне конверттердің өзін белгілі бір тәртіпте ғана толтыру қажет. Бұл сол конвертті толтыру үшін де, пошта қызметкерлері үшін де өте тиімді болып саналады. Сол себепті де кез келген сөйлеу клишелері іскерлік коммуникацияның жылдам жүзеге асуы мен жеңіл жүргізілуіне ықпал етіп, олардың құжаттарда орын алуы заңды болып табылады.

Жалпы алғанда, ресми-іскерлік стиль – бұл түрлі құжаттардың стилі: халықаралық келісімшарттар, мемлекеттік актілер, заңдар, үкімдер, жарғылар, нұсқаулықтар, қызметтік хаттар, іскери қағаздар және т.б. Ресми-іскерлік стиль өзінің түрлі жанрлары мен мазмұндарына қарамастан, барлығына бірдей бірнеше ортақ белгілермен сипатталады. Олар:

- тілдік құралдардың үнемді пайдаланылуы, ықшамдылық, шағындылық;

- материалдың стандартты орнастырылуы, белгілі бір форма болуының міндеттілігі (жеке куәлігі, түрлі дипломдар, туу және неке туралы куәліктері, ақшаға байланысты құжаттар және т.б.);

- терминологияның, атаулардың (заң, дипломатия, әскери, әкімшілік және т.б. терминология) кеңінен қолданылуы, ерекше лексика мен фразеология (ресми, кеңселік) қорының болуы, қысқарған сөздер мен аббревиатуралардың мәтінге алынуы;

- ерекше грамматикалық құрылысы, түрлі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы;

- түрлі аталымдық сөйлемдердің санамалау негізінде пайдаланылуы;

- бір фактілердің басқаларға қисынды тәуелділігін айқындайтын күрделі сөйлемдерді қолдану үрдісі;

- эмоционалды-экспрессивті сөйлеу тәсілдерінің толық немесе мүлдем болмауы;

- стильдің жекелік (даралық) сипатының болмауы.

Жоғарыда келтірілген белгілерде аталған стильдің ерекшелігі ретінде терминологияның басым қолданылуы атап көрсетілген, яғни терминологиялық бірліктер бұл стильдің ең бір маңызды айрықша сипаты қатарына жатқызылады. Ал ғылыми дәстүр бойынша, қазақ терминологиясының даму кезеңдері үшке бөлінеді:

I кезең – «Қазақ терминологиясының қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі кезеңі (1910-1935 ж.ж.);

II кезең – қазақ терминологиясының терминдер қалыптастырудағы жалпыкөнестік кезеңі (1935–1990 ж.ж.);

III кезең – тәуелсіз Қазақстан терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын айқындау кезеңі (1990 жылдан бергі уақыт).

Осы мәселеге байланысты профессор Б.Әбілқасымов былай деп жазады: «1808 жылы жазылған бір құжат **«Билет уа йахуд бүтүкнама»** деп аталыпты. Бұл құжат Орынбордың коменданты полковник Тарарикин атынан Жайық өзенінің ішкі Бөкей Ордасына жаз жайлау үшін өткен адамдарға берілген рұқсат қағаз болғанға ұқсайды. Бұл құжат тілдік жағынан өте ауыр, түсініксіз. Оның басты себебі, лексикасының басым көпшілігі – араб және парсы сөздері. Мәтіндегі 225 сөздің 113-і, яғни тең жартысынан артығы – араб және парсы сөздері. Түркі немесе қазақ сөздерінің саны 70-тей, яғни 30-35%, қалған 15 пайыздайы орыс сөздері мен ономастикалық атаулардың үлесіне тиеді. Араб және парсы сөздерінің ішінде сөйлеу тілінде айтылмайтын **кәндір, ғалишан, мужиб, бинан, азуланмиш**, т.б. тәрізді лексемалар мен *дахил уа малақат, ғалиасиага муафих* сияқты сөз тіркестері ұшырайды» [2, 31-32 бб.].

Термин ғылым мен техниканың, ресми құжаттар тілі екенін ескерсек, қазақ топырағында ғылыми ой-пікірдің, ресми тіл өрбуін зерттеушілер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастайды. Ғылым туралы тұңғыш деректер мен ғылыми мақалалар алғашқы қазақ газеттері – «Түркістан уалаяты газеті» (1870) мен «Дала уалаяты газеті» (1888) беттерінде жарияланған.

Профессор Б.Әбілқасымовтың «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты еңбегінде: «... бұл газеттердегі ғылыми мақалалардың көбі сол кездегі ғылыми экспедиция материалдары,

солардың жұмысы туралы есеп не солар жайында хабар болып келеді. Сонымен бірге тіл, әдебиет, тарих, этнографияға қатысты мақалалар да жарияланып отырған. Бұларда кездесетін ғылыми ұғымдарды газет қазақ ұғымында бұрыннан бар сөздер арқылы түсіндірмек жолымен аударып беруге тырысқан, кей кездерде сол терминдік мағынадағы орыс сөздерінің өзін қалдырып та отырған» [3, 19-20 бб.].

Газет тіліндегі терминдер ретінде қолданылған кірме сөздер жөнінде осы еңбегінде Б.Әбілқасымов: ««Түркістан уалаяты» газетінің тілінде араб-парсы сөздері өте сирек кездеседі, кездескенінің өзі о бастағы тұлғасын мүлде өзгерткен, халықтың ауызекі тілінде қолданылып кеткендері ғана. Ал «Дала уалаяты газеті» шыға бастаған XIX ғасырдың 80 – жылдары араб-парсы сөздерінің кіру қарқынының мүлде әсіреп, тіпті тоқталған кезі болатын. Газет сол кездегі халық ұғымына әбден сіңіп, оның қажетіне асып жүрген араб-парсы сөздерін батыл қолданады», - деп жазады [3, 19-20 бб.]. Бұл баспасөз тілін жан-жақты зерттеп, даму жолдарын арнайы сөз еткен құнды еңбектен шығыс тілдерінен енген терминологиялық сөздер жайында едәуір мағлұмат аламыз.

Сонымен бірге бұл кезең – терминжасам, ресми тіл қалыптасу үдерісінің бастапқы кезеңі болуымен де қазақ тіл білімі тарихында айрықша орын алады. Сол тұста терминжасамда негізінен тіліміздің бар байлығын сарқа пайдалану бағыты, терминдерді «қазақиландыру» бағыты басым болды. Дегенмен, бұл кезде газет-журналдарда қазақ мәдениетінің мәселелері көтеріліп, орфография, орфоэпия салаларына да көңіл бөліне бастайды. Сол кездің өзінде баспасөз материалдарынан көптеген интернационалдық терминдердің қазақша баламалары жасалып, орыс сөздерінің қазақша нұсқалары қолданысқа ене бастағанын байқауға болады.

Қазіргі кезде терминология, ресми тілді ұлттық тіл негізінде қалыптастыру мәселесі тіл ғылымында ғана емес, жалпы баспасөз және ақпарат беттерінде ең көкейкесті тақырыпқа айналып, ұлттық терминологиялық қор жасау қажеттілігінен туындайды. Тілде жаңа ұғымдар мен атаулардың пайда болуы ғылым мен техника саласындағы өзгерістермен, жаңалықтармен тығыз байланысты. Осы тұрғыда жиырма

бірінші ғасыр ғылым мен техниканың ең жоғары дамыған кезеңі, яғни нағыз терминологияның шарықтау ғасыры болып табылады.

Қоғамдағы өзгерістер, саяси-әлеуметтік және экономикалық қатынастардың жаңа күйге ауысуы тіршілігімізге жаңалықтар енгізіп, тілімізде жаңа термин мен атаулардың пайда болуына әсер етеді. Қазақ терминжасам ісі, ресми-іскери қатынастар ұлт тілі негізінде жүргізіліп, тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерді терминдер шығармашылығында кеңінен пайдалану үрдісі байқалады. Сонымен бірге дайын сөзжасамдық үлгілерге де арқа сүйей отырып, өзіндік жаңа формалар мен терминдік парадигмалардың пайда болуын атауға болады.

Қарастырылып отырған стильде, оның сан алуан түрлі жанрлары мен тақырып түрлілігі оның негізгі екі түрін ажыратып беруге мүмкіндік жасайды: ресми құжаттама стилі және күнделікті-іскерлік стилі. Өз кезегінде, біріншісінде мемлекеттік органдардың қызметімен байланысты заңнамалық құжаттар тілін және халықаралық қатынастармен байланысты дипломатиялық актілер тілін атап көрсетуге болады.

Күнделікті-іскерлік стильге мазмұны мен жанрларына, тілдік тәсілдерді қолдану сипатына қатысты мекемелер мен ұйымдардың арасындағы қызметтік хаттар түрлері және жеке іскерлік қағаздары жатқызылады. Осы тұрғыдан алғанда, әкімшілік-кеңселік кішігірім тіл негіздерін қарастыру өте маңызды, себебі әрбір азамат үшін бұл тіл ерекшелігімен жете таныс болу аса қажет. Мәселен, оның мынадай түрлері күнделікті өмірде де, жұмыс, қызмет барысында да жиі кездесіп отырады: өтініш, қолхат, түсініктемехат және т.б. Ал, қажетті «қағазды» жазып беру дағдысы адамның тіл мәдениеті мен сауаттылығының басты дәлелі болып саналады. Сондықтан да бұл саланың тілдік тұрғыдан жан-жақты зерттелуі сөйлеу жағдаяты, айтылым мақсаты мен мазмұнын, оның адресілігін есепке алатын тілдік амал-тәсілдерді тиімді пайдалану үшін аса қажет.

1. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.

2. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдағы іс қағаздардың тілі жайында//Түркі тілдерінің грамматикасы: қазіргі ахуалы мен болашағы. – Алматы, 2010.

3. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.

А. Ж. Курманаева

Особенности и основные виды официально-делового стиля

В данной статье анализируются особенности официально-делового стиля казахского языка, его основные виды, в частности язык административно-канцелярского подстиля.

A. J. Kurmanaeva

Features and major types of official-business style

This article analyzes the features of the official-business style of Kazakh language, its basic types, in particular, the language of administrative-clerical sub-genre.

Ж. Қ. Құлмаммырова,

ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

АНЫҚТАУЫШ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілдік даму оның қолданылыс аясы мен аймағының кеңдігінде. Алғашқы деректері б.з.д. 3-2 мың жылдықта жатқан тіл – табиғат әлемі секілді санқырлы зерттеуді қажет ететін құрылым. Араб әдеби тілінің классикалық түрі V-VI ғ. қалыптаса бастап, VII ғ. Құран тілінде қаланса, түркологияның Отаны – араб халифаты. Өйткені араб халифатындағы ғылымның түрлі саласының дамуына түркі тектес ғалымдардың да қосқан үлесі мол болған. Қазақ тіл біліміндегі әлемге әйгілі тұңғыш ғылыми еңбек түркілік зерттеулермен байланысты XI ғасырдағы М. Қашқаридің «Диуани лұғат әт-турк» еңбегінен бастау алып, XIX ғасырда қазақ тіл білімінің ғылыми жүйесін қалаған реформатор А. Байтұрсынұлы еңбектері негізінде орныққаны мәлім.

Қазіргі қазақ тілі мен он төрт ғасырлық тарихы бар классикалық араб тілі грамматикалық жүйесіндегі علم النحو синтаксис – сөз таптарының сөйлемдегі орын тәртібін, қызметін, өзара байланысу амалдарын зерттейтін ғылым. Ал «синтаксистік категория тілдегі сөздердің бір-біріне тәуелділігі, байланыстылығы туралы белгілер жиынтығы» [1, 93 б.]. Қазақ тілі грамматикасында **анықтауыш** болу – сын есімнің негізгі қызметі екендігі дәлелденген. Ал қазіргі араб лингвистері тілдегі анықтауыш – ол сын есім деп, الصفة - сын есім (сипат) мен النعت - анықтауыш терминдерін **абсолюттік синонимдер**, яғни олар мағынасы және қолданылуы жағынан бір-біріне толық сәйкес келетін сөздер екендігін атап көрсетеді. Тілші-ғалым М. Ризқ: «Сын есім (сипат) мен анықтауыш терминдері Си-ба-

уайһидің «әл-Китаб» еңбегінде синоним ретінде қолданылғанын көреміз. Алайда сын есім термині морфологияда туынды сөз таптарға қатысты, ал анықтауыш термині синтаксисте қолданылуына қарағанда, грамматикада анықтауыш термині сын есім (сипат) терминінің жалпы мағынасын білдіреді» [2, 43, 194 .ص], – деген ғылыми тұжырым жасайды.

Қазақ тілінде «анықтауыш, біріншіден, анықтайтын сөзінің заттық не пысықтауыштық сапасын қосымша, жанама қасиет ретінде айқындауына байланысты айқындауыш болып бөлінеді. **Анықтауыш** анықтайтын сөзінің **алдында** тұрып, оның өзіне тән, басқа заттан ерекше сынын, сапасын білдірсе, **айқындауыш** анықтайтын сөзінен **кейін** тұрып, көбінесе оның лексикалық мағынасын, мүшелік қызметін басқа сөздермен дәлелдеп толықтырады немесе қосымша, көлденең сапасын көрсетеді» [3, 183 б.].

Демек, екі тілде де сөйлемде анықтауыш қызметін атқаратын сын есім – зат есіммен тіркесіп, оның әртүрлі белгілерін атрибуттық қатынаста көрсететін синтаксистік категория. Ол әрдайым анықтайтын сөзімен тығыз байланыста жұмсалып, зат есімге тән сындық, сандық, көлемдік, салмақтық қасиетті білдіреді. Алайда екі тілдің негізгі айырмашылықтары анықтауыш құрылымында.

Араб тілінде النعت - анықтауыш اسم مشتق - туынды және اسم جامد - түбір сөздерден тұрады. Түбірі етістіктен болмаған түбірлерге حرج - **тас**, درهم - **dirham**, مصر - **Мысыр** сияқты т.б. сөздер, ал туындыларға اسم الفاعل - негізгі есімше, اسم المفعول - ырықсыз есімше, الصفة